

**2023 ж. «19» мамыр
№01-06/16 «Өркен қала»
ЖШС директордың
бұйрығымен
Бекітілген**

**«Өркен қала» ЖШС сыйбайлар жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік
Қағидалары**

г.Астана, 2023

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Өркен қала" ЖШС сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 16.01.2023 № 21 КР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі төрағасының бұйрығың редакциясында Үлгілік қағидаларға сәйкес өзірленді.

2. Қағидалар "Өркен қала" ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Серіктестік сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объективтілік, сенімділік, айқындық және жан-жақтылық қағидаттарында жүргізіледі

2. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі

5. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін Серіктестік директорының бұйрығы негіз болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Серіктестіктің қызметі немесе оның жеке құрылымдық бөлімшесінің қызметі болып табылады.

7. Серіктестіктегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жұмыс тобы жүргізеді.

Серіктестіктегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізетін жұмыс тобын сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты тұлға басқарады, жұмыс тобының құрамына, серіктестік директорының бұйрығымен, әрбір құрылымдық бөлімшениң басшылары немесе қызметкерлері тартылады.

8. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім мынадай:

1) қызметі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшениң атауы;

2) осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жолдау;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды адамдар) немесе жұмыс тобының дербес құрамы туралы;

4) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең;

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі;

6) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды адамы туралы ақпаратты қамтиды.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда, Серіктестік директорының бүйрығы, 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

10. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган талдау объектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізіледі.

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) талдау объектісінің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

12. Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзуышылқтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады.

13. Мынадай мәселелер талдау объектісінің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметі деп түсініледі:

1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды айқындау;

2) мұдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

7) жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасу;

8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

9) талдау объектісінің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

14. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген бағыттарға сәйкес талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және талдау;

2) осы Үлгілік қағидалардың 18, 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес талдамалық анықтама дайындау;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау;

4) осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою шараларын қабылдау.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған ақпарат көздері:

- 1) Серіктестіктің қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар;
- 2) Серіктестіктің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;
- 3) Серіктестіктің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің талдау объектісінің қызметі туралы деректері;
- 4) Серіктестікке қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 8) Серіктестікке қатысты жеке және занды тұлғалардың өтініштері;
- 9) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін серіктестік қызметкерлерін анықтау және жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;
- 10) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;
- 11) Серіктестік қызметшілеріне, қызметкерлеріне сауалнама (сұхбат) нәтижелері;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер болып табылады

16. Серіктестік қызметкерлері жұмыс тобына осы қағидалардың 15-тармағында көзделген ақпарат көздерін ұсынады, талдау объектісінің қызметіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын қолдану практикасын түсіндіреді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабарлайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

17. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде мыналарды қамтитын талдамалық анықтама жасалады:

- 1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;
- 2) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;
- 3) осы қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдардың тізбесі.

18. Талдамалық анықтама серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерімен келісіледі.

19. Талдамалық анықтамаға серіктестік директоры сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері

20. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде, Серіктестік олардың бар екендігі туралы мәліметтерді тиісті уәкілетті органға (әзірлеушіге) жібереді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдар құқықтық мониторинг жүргізу кезінде қолданылады.

21. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесін Серіктестік қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру кезінде пайдаланады.

22. Серіктестіктің сайтына аналитикалық анықтаманы орналастыру жолымен, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау жүргізіледі.

23. Серіктестік осы Қағидалардың 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі-іс-шаралар жоспары) әзірлейді.

24. Іс шаралар жоспарын Серіктестіктің директоры талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді.

25. Талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары ол бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде серіктестіктің сайтына құпиялыштық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып орналастырылады.

26. Талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты дайындау жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат 6 айда кемінде бір рет құпиялыштық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, мемлекеттік органның, ұйымның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына 1-қосымша

Пішін

"Өркен қала" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына 2-қосымша

Пішін

202 ____ ж. «____» _____
№_____ «Өркен қала» ЖШС директордың бұйрығымен
Бекітілген

«Өркен қала» ЖШС сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар

Жоспары

p/c №	Ұсыным	Iс-шара	Iс-шараны аяқтау нысаны	Орындаушылар	Iс-шараны орындау мерзімі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына 3-қосымша

Пішін

«Өркен қала» ЖШС сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы: _____

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: _____

Талдамалық анықтамаға қол қойылған күні: _____

p/c №	Ұсыным	Iс-шаралар жоспарына сәйкес аяқтау нысаны	Ұсынымның орындалуы туралы ақпарат